

"Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті" және "Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің Өңіраалық ұшу қауіпсіздігі инспекциясы" мемлекеттік мекемелерінің ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 2019 жылғы 11 ақпандағы № 70 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 17 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Көлік министрлігі 29.09.2023 № 17 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 936 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің Өңіраалық ұшу қауіпсіздігі инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақта өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі 09.12.2022 № 701 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мыналардың:

1) "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2018 жылғы 14 маусымдағы № 448 бұйрығының (2018 жылғы 9 шілдеде Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің Өңіраялыш ұшу қауіпсіздігі инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 581 бұйрығының (2018 жылғы 24 тамызда Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық бекітілгеннен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде электрондық нысанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Индустрія және инфрақұрылымдық
даму министрі

Ж. Қасымбек

Қазақстан Республикасы
Индустрія және
инфрақұрылымдық
даму министрлігінің
2019 жылғы 11 актандығы
№ 70 бұйрығына
1-қосымша

"Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің 09.12.2022 № 701 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті" республикалық мемлекеттік

мекемесі (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) реттеуші, іске асырушылық және бақылау функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ азаматтық авиация саласындағы Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысатын ведомствоны болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеме үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы қазақ тілінде көрсетілген мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Комитет заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тараҧы болуға құқылы.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитет құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Комитеттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты.

9. Комитеттің толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде - республиканское государственное учреждение "Комитет гражданской авиации Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан".

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитет қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерден, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бюджетінен (шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады.

12. Комитет кәсіпкерлік субъектілерімен Комитет функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Комитет заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Комитеттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері

13. Мақсаттары:

- 1) әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру;
- 2) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметін мемлекеттік реттеу және мемлекеттік бақылау және қадағалау;
- 3) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін оны пайдаланушылардың қауіпсіз пайдалануын қамтамасыз ету, адамдардың өмірі немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, мемлекет мүдделеріне қауіп төндірмей ұшуды орындау;
- 4) әуе кеңістігін пайдалану және ұшуды орындаумен байланысты қызметті жүзеге асырудың жалпы қағидаттарын белгілеу;
- 5) Қазақстан Республикасының экономика және азаматтардың авиациялық қызметтерге қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

14. Құқықтары мен міндеттері:

құқықтары:

- 1) азаматтық авиация ұйымдарының лауазымды адамдарынан және пайдаланушылардан ақпаратты, құжаттарды, сондай-ақ оларды ұсыну мерзімдерін белгілей отырып, өз функцияларын орындау үшін қажетті түсіндімелер мен материалдарды сұратуға;
- 2) әуе кеңістігін пайдалану, әуе қозғалысы мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметін ұйымдастыру мәселелерін реттейтін жаңа және қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;
- 3) азаматтық авиацияны дамыту, оларды іске асырудың ұйымдастыру және қаржылық механизмдері, азаматтық авиация саласының дамуына инвестициялар тарту үшін жағдайлар мен басымдықтарды қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізуге;
- 4) Комитеттің және оның аумақтық органының ұшуға рұқсаты бар азаматтық және эксперименттік авиация саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адамдары қызметтік міндеттерін орындаған кезде әуе кемесінің кабинасында, мұндай рұқсаты жоқ адамдар - бос орын болған кезде әуе кемесінің пайдаланушыларымен келісім бойынша әуе кемесінің жолаушылар салонында болуға;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды асыруға құқылы.

Міндеттеріне:

- 1) Комитетке жүктелген міндеттер мен функциялардың іске асырылуын қамтамасыз ету;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасын, құқықтары мен занда қорғалатын жеке және занды тұлғалардың мүдделерін сақтау;
- 3) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер беру;
- 4) өз құзыреті шегінде және заңнама шеңберінде ол туралы Министрліктің құрылымдық бөлімшелері және мемлекеттік органдар ресми сұрау салған жағдайда қажетті материалдар мен анықтамаларды ұсыну;
- 5) Комитеттің теңгерімінде тұрған мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз ету;
- 6) қолданыстағы заңнамаға сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу;
- 7) белгіленген мерзімде Министрлікке бухгалтерлік және қаржылық есептілікті жасау және ұсыну;
- 8) Комитетке бөлінген бюджеттік қаражаттың толық, уақтылы және тиімді пайдалануын қамтамасыз ету;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу кіреді.

15. Функциялары:

- 1) ведомствоның құзыреті шегінде реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру және Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысу;
- 2) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, ведомствоның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша және Министрлік бүйректерінде оларды бекіту бойынша тікелей құзыреті болған кезде нормативтік құқықтық актілерді бекіту;
- 3) өз құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- 4) шет мемлекеттердің авиациялық биліктерімен және мамандандырылған халықаралық ұйымдармен, оның ішінде ынтымақтастық, азаматтық авиацияға қатысты ақпаратпен және тәжірибемен алмасу туралы екіжақты келісімдер жасасу арқылы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру, сондай-ақ халықаралық азаматтық авиация ұйымдарында Қазақстан Республикасының атынан өкілдік ету;
- 5) жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

6) өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және откізу бойынша ведомствоның бағынысты ұйымдардың қызметіне басшылық ету;

7) өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

8) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындастырып тәртіпте Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 82-бабының 3-тармағында көзделген, езірленетін құжаттардың жобаларына қатысты реттеушілік әсерге талдау жүргізу;

9) жүргізілген реттеушілік әсерді талдаудың нәтижесін Министрліктің реєстри интернэт-ресурсында орналастыру;

10) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 132-бабының 2-тармағына сәйкес тексерілетін субъектілер қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін мәніне бақылауды және тексеруді жүзеге асыру;

11) әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

12) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүргізу;

13) мемлекеттік бақылау және қадағалау тиімділігінің мониторингін жүргізу;

14) мемлекеттік бақылау және қадағалау жүргізуді жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

15) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік акциялар пакетіне (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) иелік ету және пайдалану құқығын, сондай-ақ республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік басқарудың Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану мен азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласында басшылық ету жөніндегі уәкілетті органның функцияларын жүзеге асыру;

16) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және бекіту;

17) Қазақстан Республикасының атынан жасалатын Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бойынша міндеттемелерді орындау;

18) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерін әзірлеу;

19) соттарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап-арыздар беру;

20) әуе көлігін пайдалануға қатысты тасымалдаушының жолаушылар алдындағы тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауаптылығынан міндettі сақтандыру шартын жасауды бақылауды жүзеге асыру;

21) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасына сәйкес нұсқамалық материалдарды бекіту, сондай-ақ ұшуға жарамдылық жөніндегі директиваларды шығару;

22) Қазақстан Республикасына (Қазақстан Республикасынан) тұрақты жолаушылар реестерін орындауды жоспарлайтын шетелдік тасымалдаушыларды аккредиттеуді және аккредиттеу туралы қуәлікті беруді, сондай-ақ ондай қуәлікті беруден бас тартуды жүзеге асыру; 23) халықаралық әуе тасымалдарын жүзеге асыруын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

24) халықаралық реестерді қамтамасыз етуге рұқсат етілмеген әуежайлардан (әуежайларға) халықаралық ұшуды орындастын азаматтық әуе кемелерін қабылдауға, ұшуға шығаруға және оларға қызмет көрсетуге уақытша рұқсаттарды беру;

25) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелерін ескере отырып, азаматтық әуе кемелерінің халықаралық тұрақты емес (бір жолғы) ұшуларды орындауына рұқсаттар беру;

26) ішкі әуе трассалары, жергілікті әуе желілері, ұшу маршруттары бойынша және әуе трассаларынан тыс халықаралық ұшуды орындауды келісу;

27) Қазақстан Республикасының авиакомпаниялары арасында тұрақты әуе тасымалдарын жүзеге асыру үшін халықаралық және субсидияланатын (облыс ішіндегілерді қоспағанда) авиамаршруттарға қуәліктер беру;

28) Шетел пайдаланушының Қазақстан Республикасының әуеайлақтарында қонумен халықаралық тұрақты емес ұшуларды орындауга рұқсат беру

29) Қазақстан Республикасының халықаралық авиамаршруттарындағы шетелдік авиатасымалдаушылардың тұрақты реестерінің кестелері бекіту;

30) Қазақстан Республикасы аумағы арқылы қонбастан шетелдік авиатасымалдаушылардың тұрақты реестерінің кестесін бекіту

31) шет мемлекеттердің әскери құралымдарын, қару-жарағын және әскери техникасын, сондай-ақ қосарлы мақсатта пайдаланылатын өнімдерді тасымалдау үшін азаматтық әуе кемесін пайдаланушының халықаралық ұшуын келісу және ез құзыреті шегінде осы ұшуды сыртқы саяси қызметті жүзеге асыратын органмен келісу;

32) авиакомпанияға тұрақты ішкі коммерциялық әуе тасымалдарын орындауға рұқсат беру туралы шешім қабылдау, рұқсат беруден бас тарту, бұрын берілген рұқсатты тоқтата тұру немесе қайтарып алу;

33) жеке және занды тұлғалардың Қазақстан Республикасының әуе көністігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заннамасын және (немесе) халықаралық стандарттарды сактауына мемлекеттік реттеуді, мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

34) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін бақылауды және реттеуді жүзеге асыру;

35) әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар салаларында қызметін жүзеге асыратын субъектілерді табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу не одан алыш тастау қажеттілігі туралы қорытындыны қалыптастыру және осындай қорытындыны табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның қарауына енгізу;

36) табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның қарауына халықаралық қаржы ұйымдарының қарыздарын тартатын әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің тізбесіне енгізу туралы ұсыныстар енгізу;

37) тиісті табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеу әдісін белгілеу;

38) тиісті ішкі нарықты талдау негізінде мұндай нарықтың табиғи монополия жағдайында тұргандығы анықталған жағдайларда реттеуді енгізу;

39) әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілеріне Қазақстан Республикасының заннамалық актілерінде белгіленген жағдайларда әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсететін қызметтеріне тұтынушылармен шарттар жасасу, жасалған шарттарға өзгерістер енгізу туралы орындалуы міндетті нұсқамалар енгізу;

40) әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілері, мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заннамасын бұзған жағдайларда оларға орындалуы міндетті нұсқамалар, оның ішінде әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілерін қайта ұйымдастыру және (немесе) мұлікті иеліктен шығару туралы нұсқамалар енгізу;

41) табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган айқындаған тәртіппен әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларын өзгертуге бастамашылық жасау;

42) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, сондай-ақ олардың лауазымды адамдарынан өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға қажетті ақпаратты сұрату және алу;

43) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабы 1-тармағының талаптарын ескере отырып, әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) төмөндөтүге бастамашылық жасау;

44) тағайындалатын оңалтуды басқарушының кандидатурасын және әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектісін оңалту жоспарын келісу;

45) өз құзыреті шегінде белгіленген сапаға қойылатын талаптарды ескере отырып, әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту;

46) әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектісі келтірген залалдарды тұтынушыларға өтеу үшін уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы шешім қабылдау;

47) әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектісінің тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге немесе өзгертуге арналған өтінімін қарауға қабылдаудан бас тартуды өтінімнің берілу нысанына қарай жазбаша не электрондық құжат түрінде негіздеу;

48) тұтынушыларды коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қамтитындардан басқа, әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу мәселелері бойынша қабылданған шешімдермен таныстыру;

49) әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге, сондай-ақ қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілерінің алдағы уақытта тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың өсетіні туралы хабарламаларын қарау кезінде жария тындаулар өткізу;

50) әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметаны орындауды бақылауды жүзеге асыру;

51) шығындары әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілетін сатып алушуды бақылауды жүзеге асыру;

52) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын бұзу жағдайлары мен кінәлі тұлғаларды жауаптылыққа тарту фактілері туралы ақпарат беру;

53) әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекітуге арналған өтінімдерін қарау кезінде жария тындаулар өткізілетіні туралы ақпаратты шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында орналастыру;

54) әуежайлар мен аэронавигация көрсететін қызметтер саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) арналған тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелер) және тарифтік сметалар туралы ақпаратты олар бекітілген күннен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында орналастыру;

55) бағаларды мемлекеттік реттеуді және баға белгілеу тәртібі мен қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілері міндеттерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

56) қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілері бағаларының мониторингін жүзеге асыру;

57) қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілері өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) шекті бағаларды келісу;

58) қоғамдық маңызы бар нарықтар субъектілеріне Қазақстан Республикасының Кесіпкерлік кодексінде көзделген міндеттемелерді орындау туралы орындалуы міндетті нұсқамалар енгізу;

59) қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі нұсқаманы орындамаған жағдайда ішкі рейстерде әуежайлар қызметтерін көрсету саласындағы қоғамдық маңызы бар нарық субъектісін нұсқамада көрсетілген әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу туралы сотқа талап қою;

60) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде айқындалатын тәртіппен хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау және қарау, сондай-ақ әкімшілік жаза қолдану;

61) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру;

62) аэронавигация мен әуежайлардың көрсететін қызметтері бойынша табиғи монополиялар салаларына табиғи монополиялар субъектілері осы салалар шенберінде ұсынатын көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) реттелетіндерге жатқызу тұрғысынан талдау жүргізу және талдау қорытындылары бойынша табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органға Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінен шығару (енгізу) туралы ұсыныстар енгізу;

63) азаматтық авиация саласындағы табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламасының (жобаның) орындалуы туралы ақпаратқа талдау жүргізу;

64) мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органмен және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, азаматтық әуе кемелерінің әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзыын тоқтату жөнінде шаралар қабылдау;

65) азаматтық және эксперименттік авиацияның әуе кеңістігін пайдалану қағидаларын бұзушылықтарын есепке алуды жүргізу, сондай-ақ әуе кеңістігін пайдалану қағидаларын бұзушылықтың барлық жағдайлары бойынша мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органмен өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыру;

66) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларын әзірлеу;

67) табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен бірлесіп табиғи монополиялар субъектілерінің инвестиациялық бағдарламаларын бекіту.

3-тaraу. Комитеттің қызметін үйімдастыру кезіндегі оның төрағасының мэртебесі мен өкілеттіктері

16. Комитетті басқаруды Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты төраға жүзеге асырады.

17. Комитет төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет төрағасының өкілеттігі:

1) өзінің орынбасарлары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының және қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) өз құзыretі шегінде бүйрықтарды шығарады;

3) еңбек қатынастарының мәселесі жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құзыretіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Комитеттің және оның аумақтық органының қызметкерлерін лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатады;

4) іссапарлар, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау) біліктілікті арттыру, көтермелеу, үстемсақылар төлеу және сыйақылар беру, сондай-ақ жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құзыretіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Комитеттің және оның аумақтық органының қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселелерін шешеді;

5) Комитеттің атынан қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда өкілдік етеді;

6) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

7) Комитеттің заң қызметіне жетекшілік етеді;

8) Комитеттің қызметкерлеріне мемлекеттік құпияларға рұқсат беруді жүзеге асырады;

9) сыбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтарына сыбайлар жемқорлық әрекеттерінің туындауына себеп болатын іс-қимылдар белгіленген жағдайда бұл туралы Министрліктің басшылығын хабардар етеді;

10) Комитет қызметкерлері мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдел нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

11) Комитетте сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлар жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына дербес жауапты болады;

12) республикалық бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуына және мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметті жүзеге асыруға дербес жауапты болады;

13) оның құзыretіне кіретін басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды

Комитет төрағасы болмаған кезде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

20. Комитет төрағасы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4-тaraу. Комитеттің мұлкі

21. Комитет заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Комитет, өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жок.

5-тaraу. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесі

Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің "Өнірааралық ұшу қауіпсіздігі инспекциясы" мемлекеттік мекемесі.

"Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

1) Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің "Қазаэронавигация" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

2) "Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" акционерлік қоғамы.

Қазақстан Республикасы
Индустрія және
инфрақұрылымдық
даму министрлігінің
2019 жылғы 11 актандары
№ 70 бүйрекінан
2-қосымша

"Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитетінің Өнірааралық ұшу қауіпсіздігі инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің ережесі

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Индустря және инфрақұрылымдық даму министрінің 09.12.2022 № 701 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасының Индустря және инфрақұрылымдық даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің Өніраалық ұшу қауіпсіздігі инспекциясы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Өніраалық инспекция) Қазақстан Республикасы Индустря және инфрақұрылымдық даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық органы болып табылады және Комитеттің құзыretі шегінде Қазақстан Республикасының барлық аумағында ұшу қауіпсіздігі саласындағы функцияларды жүзеге асырады.

2. Өніраалық инспекция өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасы Индустря және инфрақұрылымдық даму министрлігінің және Комитеттің бүйректарына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес қызметін жүзеге асырады.

3. Өніраалық инспекция мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы қазақ тілінде көрсетілген мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Өніраалық инспекция азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Өніраалық инспекция заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Өніраалық инспекция өз құзыretінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Өніраалық инспекция басшысының бүйректарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Өніраалық инспекция құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Өніраалық инспекцияның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050039, Алматы қаласы, Тұрксіб ауданы, Майлар көш., 38 "А".

9. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Қазақстан Республикасының Индустря және инфрақұрылымдық даму министрлігі Азаматтық авиация комитетінің Өніраалық ұшу қауіпсіздігі инспекциясы" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – государственное учреждение "Межрегиональная инспекция по безопасности полетов Комитета гражданской авиации Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан".

10. Осы Ереже Өніраалық инспекцияның құрылтай құжаты болып табылады.

11. Өніраалық инспекцияның қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Өніраалық инспекцияға кәсіпкерлік субъектілерімен Өніраалық инспекцияның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер Өніраалық инспекцияға заннамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тaraу. Өніраалық инспекцияның мақсаттары, құқықтары мен міндеттері

13. Мақсаттары:

1) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау;

2) әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру болып табылады.

14. Құқықтары мен міндеттері:

құқықтары:

1) азаматтық авиация ұйымдарының лауазымды адамдарынан және пайдаланушылардан ақпаратты, құжаттарды сұратуға, сондай-ақ оларды ұсыну мерзімдерін белгілей отырып, өз функцияларын орындау үшін қажетті түсіндіру мен материалдарды талап ету;

2) әуе кеңістігін пайдалану, әуе қозғалысын және азаматтық және эксперименттік авиация қызметін ұйымдастыру мәселелерін реттейтін жаңа және қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

3) азаматтық авиацияны дамыту, оларды іске асырудың ұйымдастыру және қаржылық механизмдері, азаматтық авиация саласының дамуына инвестициялар тарту үшін жағдайлар мен басымдықтар қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізу;

4) Өніраалық инспекцияның мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның ұшуға рұқсаты бар лауазымды тұлғалары өз қызметтік міндеттерін орындаған кезде әуе

кемесінің кабинасында, ондай рұқсаты жоқ адамдар - бос орын болған кезде әуе кемесінің пайдаланушыларымен келісім бойынша әуе кемесінің жолаушылар салонында болуға құқылы;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өзге құқықтарға ие болу.

Міндеттері:

1) оған жүктелген міндеттер мен функциялардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау, занды және жеке тұлғалардың заңда қорғалатын мұдделерін және құқықтарын сақтау;

3) өз құзыреті және заңнама шенберінде Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінен және мемлекеттік органдарынан ресми сұрау салу болған жағдайда қажетті материалдар мен анықтамаларды ұсыну;

4) оның теңгеріміндегі мемлекеттік жеке меншіктің сақталуын қамтамасыз ету.

15. Функциялары:

1) жеке және занды тұлғалардың Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын және (немесе) халықаралық стандарттарды сақтауын мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде айқындалатын тәртіппен хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау және қарау, сондай-ақ әкімшілік жаза қолдану;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3-тaraу. Өніраалық инспекцияның қызметін үйімдастыру кезіндегі оның басшысының мэртебесі және өкілеттіктері

16. Өніраалық инспекцияны басқаруды Өніраалық инспекцияға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

17. Өніраалық инспекция басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Өніраалық инспекция басшысының өкілеттігі:

1) Өніраалық инспекция қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттігін белгілейді;

2) Комитеттің төрағасына Өніраалық инспекцияның қызметкерлерін лауазымға тағайындау және одан босату, көтермелей, материалдық көмек көрсету және тәртіптік жауапкершілікке тарту үшін кандидаттарды ұсынады;

- 3) Комитет басшылығының нұсқаулары мен тапсырмаларын орындайды;
- 4) өз өкілеттігі шегінде Өніраалық инспекцияның мүдделерін мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда білдіреді;
- 5) Өніраалық инспекцияның қызметін үйлестіреді және бақылайды;
- 6) оның құзыретіне жатқызылған басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

4-тарау. Өніраалық инспекцияның мүлігі

19. Өніраалық инспекцияның заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Өніраалық инспекцияның мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Өніраалық инспекцияға бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Өніраалық инспекция, өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шыгаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Өніраалық инспекцияны қайта ұйымдастыру және тарату

22. Өніраалық инспекцияны қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.